«Тексерілді»
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Эбиева

**Білім беру ұйымы:** «Мерейлі» жекеменшік балабақша
**Топ:** «Құлыншақ» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастан
**Жоспардың құрылу кезені:** 02.12- 06.12.2024ж

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 02.12.2024ж** | **Сейсенбі 03.12.2024ж** | **Сәрсенбі 04.12.2024ж** | **Бейсенбі 05.12.2024ж** | **Жұма 06.12.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Талқыланатын мәселелер:Бала эмоцияларын қалай білдіреді (қуаныш, реніш, көңілсіздік)?Басқа балалармен немесе ересектермен қалай қарым-қатынас жасайды? Сұрақтар:«Сіздің балаңыз үйде эмоцияларын қалай көрсетеді? Ол көңіл-күйін бөлісе ме?» «Балаңыздың топтағы | Баланың мінез-құлық мәселелерін түсіндіру және оларды шешу жолдарын бірге табу«Біз сізбен балаңыздың мінез-құлқын жақсартудың тәсілдерін талқылағымыз келеді.»«Кейде балаңыздың өз эмоциясын басқара алмайтыны байқалады. Бұл жаста қалыпты жағдай, бірақ біз оған көмектесу үшін сізбен бірге жұмыс істегіміз келеді.» | «Біздің топта қазір балалардың тіл дамытуы, логикалық ойлауы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлудеміз.» «Сіздер баланың үйдегі оқуына көмектесу үшін онымен бірге мына тақырыптарды қайталай аласыздар…» | Талқыланатын мәселелер:Баланың ұйқы және тамақтану режимі.Гигиеналық әдеттерді қалыптастыру (қол жуу, тіс тазалау). Сұрақтар:«Балаңыз үйде қандай тағамдарды жейді?» «Түнде балаңыз жеткілікті ұйықтай ма? Таңертең ұйқысы сергек бола ма?» | «Сіздің балаңыз үйде сурет салады ма, музыка тыңдағанды жақсы көре ме?» «Қандай шығармашылық әрекеттер оған көбірек ұнайды?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | досы бар ма? Олар бір-біріне қалай көмектеседі?» | | | | |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Таза және лас» Балаларды табиғатта тазалықты сақтау қажеттілігіне үйрету.Жерге таза (жасыл, көк) және лас (қағаз, пластик, қалдықтар) заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын орналастыру.Балалардан таза заттарды бір топқа, лас заттарды екінші топқа жинату.Лас заттарды қоқыс жәшігіне тастауды үйрету **Экологиялық тәрбие** | «Табиғатты қорғаушылар»Табиғатты қорғау жолдарын үйрету. Бір топ қоқысты жинайды.Екінші топ ағаштарды суарады (ойын түрінде).Үшінші топ құстарға жем шашады (ойыншық құстарға). **Экологиялық тәрбие** | Табиғат құпиялары» Табиғат құбылыстарын танып білу. «Қыста не жауады?» (Қар).«Жазда аспанда не жарқырайды?» (Күн).Әр жауаптан кейін табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін түсіндіру **Экологиялық тәрбие** | Кім жылдам?» Баланың зейінін, жылдамдығын және қимыл үйлесімділігін дамыту.Ойыншықтарды (доптар, текшелер, шарлар) еденге шашып қойыңыз.Балаларға белгілі бір түсті немесе пішінді заттарды жинау«Қызыл текшелерді кім жылдам жинайды **Танымдық дағды** | Сурет құрастыр» Құрастыру және логикалық ойлауды дамыту.Суретті бірнеше бөлікке қиып, бөліктерді балаларға беріңіз.Балалардан бөліктерді біріктіріп, суретті құрастыруды сұраңыз.Құрастырылған сурет туралы әңгіме құрастыру **Коммуникатвитік дағды** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Көбелек ұшты» (Б.қ.): Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде.Қимыл: Бас оңнан солға, солдан оңға айналдырылады.Қайталау: 6 рет.Әуен: Жай ырғақты музыка. | «Көңілді орамал» жаттығуы:Б.қ.: Аяқ иық көлемінде, орамал иықта. Қимыл: Иықтарды артқа-алға және төмен-жоғары қозғалту. Қайталау: 6 рет.Әуен: Жеңіл, көңілді әуен. | «Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуы: Б.қ.: Аяқтар алшақ, орамал белде.Қимыл: Орамалды оңға-солға еңкейте отырып, әр қимыл сайын «ғажайып» деп айту. Қайталау: 6 рет. | «Шапалақ» жаттығуы: Б.қ.: Аяқ алшақ, орамалды жанға созу.Қимыл: Орамалды жоғары көтеріп, алақандарды шапалақтау. Қайталау: 6 рет. Әуен: Шапалақ қимылына сәйкес белсенді әуен. | «Орамалды ілу» жаттығуы:Б.қ.: Аяқ алшақ, тізе бүгілген. Қимыл: Орамалды төмен ұстап, жоғары көтеріп, «орамалды ілу» қимылын жасау. Әр қимыл сайын «ілдім» деп айту. Қайталау: 6 рет. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Ырыс алды – ынтымақ, ас алды – береке. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. | Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруы, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). | Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке, сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру. | Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. | Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жүру;<br>шашырап жүгіру;<br>4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру,<br>1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тіл алмаудың кесірі | **Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет**<br>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>**Математика негіздері**<br>Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірден жүру;<br>жүгіру;<br>50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу;<br>бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру;<br>бағыт бойынша түзелу<br>Қимылды ойын:<br>Торғайлар мен мысық<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау: | **Сөйлеуді дамыту**<br>Кітаптар қарату.<br>Таныс ертегі қойылымын жасату.<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау:<br>Музыкалық шығарманың динамикалық орындалу ерекшелігін түсінеді.<br>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды.<br>**Көркем әдебиет,** | **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу**<br>Қыс және көктем мезгілдері тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету.<br>Адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімесін естеріне түсріу. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмытпау керектігін түсіндіру<br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.<br>**Математика негіздері**<br>Ғажайып қоржыннан шыққан пішіндерді санау, салыстыру, топтан ұқсас заттарды табу дағдысын жетілдіру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан уарларына қандай күтім | **Мүсіндеу**<br>Көктем мезгіліне дайындық. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан<br>уарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру.<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру** | Музыкалық шығарманың динамикалық орындалу ерекшелігін түсінеді.<br>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды.<br>**Қазақ тілі**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қыс және көктем мезгілдері тақырыбы бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету.<br>**Математика негіздері**<br>Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыруды жетілдіру<br>**Көркем әдебиет** | **қоршаған ортамен танысу**<br>Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.<br>**Математика негіздері**<br>Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар).<br>Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау | жүру;<br>шашырап жүгіру;<br>1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>бағыт бойынша түзелу<br>Қимылды ойын:<br>Масаны ұстап ал<br>**Көркем әдебиет**<br>Тіл алмаудың кесірі әңгімесін естеріне түсріу. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмытпау керектігін түсіндіру<br>**Математика негіздері**<br>Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру**<br>Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | керекті туралы ақпарат беру.<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру**<br>Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. | Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарау, әңгімелесу | Тіл алмаудың кесірі әңгімесін естеріне түсріу. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмыптау керектігін түсіндіру<br>**Құрастыру, мүсіндеу, сурет салу, жапсыру**<br>Балалардың дербес әрекеті құрастыру және шығармашылық жұмыстарын орындату<br>Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. | **Мүсіндеу, жапсыру**<br>Сазбалшықтан жасалатын ыдыстарды көрсету және жасату. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**Сурет салу, құрастыру**<br>Ұлттық заттарды көрсетіп, оларда бейнеленген оюларды та нып атау дағдысын пысықтау. «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның | жұмыстарын орындату<br>Төрт түлікке құрастыру құралдарынан қора жасату. Төр түлікті төлдерімен жапсырту, суретін салдырту, мүсінін жасату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді үйрету Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған әшекей бұйымдарымен таныстыру. құрастыру. | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту | | | | |
| **Серуен** | Маусымдық өзгерістерді бақылау Бақылау барысы Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта біліне бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар | Терек ағашын бақылау Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімелейді: Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, | Күн мен түн неге ауысады? Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр тараткан. (күн) Жартысы жадыратып нұр себеді, Жартысы қара мақпал бүркенеді. (түн) Орақ болып туады, Табақ болып тынады (ай) Күндіз білінбейді, Түнде дірілдейді (жұлдыз) Балаларға сұрақтар. | Бақылау: Паркке саяхат. Парктің әдемілігін адам денсаулығына пайдасын сезіну. Көктем мезгіліндегі ағаштардың әдемілігін сезіну, өзгерісін анықтау. Үлескедегі еңбек: Парктегі зат қалдықтарын жинап, бір жерге жинастыру. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, айналаны таза ұстауға үйрету. Қимылды ойын: | Бақылау: Құстың ұясын бақылау. Тал басында бір отау (Ұя) Балаларды құстың ұясын бұзбауға, оған қамқор болуға , жанашырлық жасауға үйрету. Үлескедегі еңбек: Жыра жүргізу. Күннің көзіне еріп жатқан қарлардан жыра арқылы жүргізу. Қимылды ойын: «Тақия тастамақ». Қимыл – іс әрекетін дамыту, аңғарымпаздылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жеке жұмыс: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аласара бастайды.<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Жиегіне шатырдың,<br>Мұздан шеге қатырдым.<br>(сүңгі)<br>Балаларға сұрақтар<br>Қыста неше ай бар?<br>Қыс айларын ата?<br>Қыстың ең соңғы айы қай ай?<br>Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Мұз сүңгілері қайдан пайда болады?<br>Зерттеу жұмысы<br>Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою.<br>Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру<br>Еңбек<br>Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу<br>Жаттығу ойындары<br>«Кім жылдам».<br>Мақсаты:- Жылдам жүкіруге жаттықтыру; | ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады.<br>Зерттеу жұмысы<br>Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.)<br>Қимылды ойын: «Бәйге»<br>Жаттығу ойындары Бір аяқпен секіру<br>Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру. | Жұлдыздар түнде қайда кетеді?(жұлдыздар күндіз де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)<br>Күн неге батады? (жер күнді айналады, соныктан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)<br>Еңбек<br>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.<br>Жаттығу ойындары<br>Қозғалыстарын дамыту «Шығырыққа лақтыру».<br>Мақсаты: мергендіктерін дамыту. | «Қасқыр қақпан»,<br>«Ағашын тап».<br>Тапқырлыққа, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>Жеке жұмыс: Ойша жұмбақтар құрату.<br>Күн, бұлт, су, көктем, құстар туралы. Жан жақты болуға үйрету.<br>Өзіндік іс – әрекет:<br>Саябақта не байқағандарын айтып беру. | Балалардың тілін дамыту.<br>1 дегенім – біреу,<br>2 дегенім – егеу,<br>3 дегенім – үсік,<br>4 дегенім – төсек<br>Өзіндік іс – әрекет:<br>құстың ұясын жасап үйрену. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату.<br>**(жапсыру)** | **(мүсіндеу)**<br>Көктем мезгіліне дайындық. Еңбек құралдарды түрлі пішіндегі және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін сақтап мүсіндету. | **(мүсіндеу, жапсыру)**<br>Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. | **(құрастыру)**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (тостаған, ожау, астау,) таныстыру, | Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету.<br>**(музыка)**<br><br>**Мақал-мәтелдер мен жаңылпаш «Отбасы»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуіне жағдай жасау. | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Хадишаға ересектердің және отбасы мүшелерінің мамандықтары, еңбегі туралы біледі, оларға қызығушылық танытуға ынталандыру.** | **Айымға өзара көмек беруге дайын, ренжіген балаға жанашырлық танытуды баулу.** | **Айсұлуға жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстыруды үйрету.** | **Ернұрға жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді баулу.** | **Алинұрға қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуду жетілдіру .** |
| **Серуенге дайындық** | **Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен**<br>**-** | **Пішіндер әнін айтқызу «Торғай» тв (музыка)**<br><br>**Еркін ойындар** | **Еркін ойындар Футбол. Берілген бағытта допты домалату. Допты аяқтарымен бір-біріне домалатуды қайталау; (дене шынықтыру)** | **Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка)**<br><br>**Еркін ойындар**<br>**Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»**<br>**Балалардың қалауы бойынша дербес шығармашылық әрекеттер.**<br>**Еркін ойындар**<br>**Қимылды ойын «Поезд»** | | **Балалардың қалауы бойынша ән айту, қимылды би билету. (музыка)**<br>**Еркін ойындар** |
| **Серуеннен оралу** | **Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)** | | | | |
| **Кешкі ас** | **Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені".** Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".** Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк".** Мақсат-міндеттері. Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының жұмысын түсіндіру; еңбекқорлыққа, төзімділікке, сыпайылыққа, саламатты өмір салтына тәрбиелеу. | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны".** Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. | **Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн".** Мақсат-міндеттері. Балалардан туған күн ұғымын қалай түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атап өту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; жақынға сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Кешкі ертегі, балалар қалауымен<br><br>Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу | Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу | Психологтың кеңесі:Егер ата аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет. | Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау |

**«Тексерілді»**
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Эбиева ________

**Білім беру ұйымы:** «Мерейлі» жекеменшік балабақша
**Топ:** «Құлыншақ» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастан
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 09.12- 13.12.2024ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 09.12.2024ж | Сейсенбі 10.12.2024ж | Сәрсенбі 11.12.2024ж | Бейсенбі 12.12.2024ж | Жұма 13.12.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен әңгіме: Баланың мінез-құлқы :Бала топта өзін қалай ұстайды?Достарымен қарым-қатынасы қандай?Белсенділігі немесе ұяңдығы байқ ала ма? | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Баланың балабақшадағы жағдайын ата-анасына түсіндіру. Баланың даму деңгейі, тәртібі, қабілеті туралы талқылау.Ата-анаға тәрбие және оқу процесінде қолдау көрсету.Баланың жеке ерекшеліктерін және үйдегі тәрбие ерекшеліктерін анықтау. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық,** | «Мен және бөгде ересек адам» Сенімділік шеңберлері, ересектердің | Ақ сүйек Қырағылық пен шапшаңдықты дамыту. | Теңге алу Шапшаңдық пен ептілікті арттыру. | Сақина салу Зейінді арттыру және бақылағыштық | Бесік жыры айту Ән айту қабілеттерін дамыту және ұлттық ән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | ережесі: егер бейтаныс адам есікті қақса, не істеу керек? ережелері, гаджеттер. **Қауіпсіздік ережелері** | - Ақ сүйек лақтырылады, балалар оны іздеп табуға тырысады.<br>- Бірінші болып тауып әкелген бала жеңімпаз атанады.**Бір тұтас тәрбие** | - Жерге қойылған теңгені немесе басқа заттарды жинау үшін балалар жүгіріп жарысады.<br>- Кім тезірек жинаса, сол жеңеді. **Бір тұтас тәрбие** | қабілеттерді дамыту.<br>- Балалар шеңберге отырып, қолдарын біріктіреді.<br>- Жетекші сақинаны білдірмей біреудің қолына салады.<br>- Қалғандары оны табуға тырысады **Бір тұтас тәрбие** | өнеріне баулу.<br>- Балалар кезекпен бесік жырын айтып, орындаушылық қабілеттерін көрсетеді.<br>**Бір тұтас тәрбие** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату<br>4. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау<br>Б.қ.: «Серіппе» | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**<br>Ас дәмді болсын,<br>Күніміз жарқын болсын! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау ); | Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым)туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. | Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері туралы түсініктерді қалыптастыру | Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. | **Заттық әлем:** Телефон,компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы | **Көркем әдебиет**<br>Ойын түрлері туралы | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы | **Көркем әдебиет және сөйлеуді** | **Қоршаған ортамен танысу, көркем** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>шеңбер бойымен жүргіру;<br>табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу;<br>екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру<br>Қимылды ойын:<br>Автобус<br>**Көркем әдебиет**<br>«Құлын, қозы, лақ» ертегісін оқып беру. Кейіпкердің мінезін сипаттауды үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту құлын қозы лақтың дыбысын салуды игерту.<br>**Математика негіздері**<br>Дидактикалық ойын «Ғажайып сандық»<br>Сандықтан түрлі геометриялық пішіндерді бір бірден әр бала алып, | айту. Үйде қандай ойындар ойнатынын айтып балалармен бірге ойнау. «Аққу ұшты», «Қуыр қуыр қуырмаш» ойындарын ойнату.<br>**Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру**<br>Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту құлын қозы лақтың дыбысын салуды игерту. жануарлардың тіршілігі адамның қамқорлығына, күтіміне зәру екендігі туралы ұғымды қалыптастыра отырып дамыту.<br>**Математика негіздері**<br>Ойын. Бір қатарға балаларды тұрғызып, қалған балаларға тапсырма бердірту. Тапсырма бойынша айтылған бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен). | жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>шеңбер бойымен жүргіру;<br>Қимылды ойын:<br>Өз түсінді тап<br>**Музыка**<br>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды.<br>**Қазақ тілі**<br>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу<br>**Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту**<br>«Құлын, қозы, лақ» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету. Балалардың үй жануарлары және төлдері туралы | **дамыту**<br>Сурет бойынша спорттық ойын түрлері туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыруды дамыту.<br>**Музыка**<br>Ән айту: Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды.<br>**Математика негіздері**<br>Сызғышпен ойын құралдарын өлшеу. Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Айналамыздағы қоршаған заттармен , ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны | **әдебиет**<br>«Ша-ша-ша Ойын сауық тамаша.» артикулыцияны дамытатын жаттығуды орындату.<br>Асық ойыны туралы айтып түсіндіру.<br>Мен тәртіпті баламын<br>Мен кішкентай баламын, Айтқан тілді аламын<br>Апам нанға кеткенде,<br>Үйде ойнап қаламын.<br>Шкафтарды ашпаймын,<br>Кітаптарды шашпаймын,<br>Кубиктерден үй жасап<br>Қызық ойын бастаймын.<br>*Ө. Тұрманжанов*<br>Тақпағын жаттату<br>**Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру;<br>шеңбер бойымен жүргіру;<br>екеуден, үшеуден |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көруін және сипап сезу арқылы зерттеу жасауын ұйымдастыру<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Айналамыздағы қоршаған заттармен , ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу**<br>Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен ойын құралдарының суретін салдырту, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы ойыншыларды жасату және геометриялық пішіндер арқылы ойын құралдарын жапсырту.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық қиялды дамыту Топтағы бар заттарды пайдаланып. Спорт алаңшасын жасату. | **Сурет салу**<br>Балалардың таңдауы бойынша құлын қозы лақтың суретін салдырту<br>**Мүсіндеу, жапсыру**<br>Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы мультфилимдегі ойыншықтарды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру<br>**Құрастыру**<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету. Ойын құралдарын құрастыру | білімдерін арттыру<br>**Математика негіздері**<br>Сызғышпен ойын құралдарын өлшеу. Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеуді үйретуді жалғастыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Айналамыздағы қоршаған заттармен , ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу**<br>Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен ойын құралдарының суретін салдырту, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы ойыншыларды жасату және геометриялық пішіндер арқылы ойын құралдарын жапсырту. | туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу.<br>**Сурет салу, мүсіндеу**<br>Балалардың қалауы бойынша спорттық ойын құралдарының суретін салу немесе ермексаздан жасату<br>**Жапсыру**<br>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**Құрастыру**<br>Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету. Ойын құралдарын құрастыру | бірінің артынан бірі қатарға тұру<br>Қимылды ойын: Автобус<br>**Математика және сөйлеуді дамыту**<br>Сурет бойынша спорттық ойын түрлері туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыруды дамыту.себеттегі доптарды түсі бойынша екі ыдысқа жинау және санау,көп,аз ұғымын үйрету.<br>**Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу**<br>Апта бойы жасалған жұмыстардың ішінен ұнағанын қайталап жасауға мүмкіндік беру.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық қиялды дамыту Топтағы бар заттарды пайдаланып. Спорт алаңшасын жасату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **Құрастыру**<br>Шығармашылық қиялды дамыту Топтағы бар заттарды пайдаланып. Спорт алаңшасын жасату. | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br>Мақсаты:<br>Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br>Жұмысты жоспарлау.<br>Қимылды ойын<br>«Ізбе із».<br>Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу..<br>Жаттығу ойындары<br>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.<br>Халық болжамы:<br>Қар көп болса, нан мол болады.<br>Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн | Жаңылтпаш.<br>Қыс қыспаса, қыс па,<br>Құс ұшпаса, құс па?<br>Өлең.<br>«Қыс» О. Иманәлиев.<br>Көкті бұлт тұмшалап,<br>Жер ақ тонын киеді.<br>Шұнақ аяз шымшылап,<br>Ақ бетіңнен сүйеді.<br>Бақылау: балаларға жансыз табиғаттағы қыс мезгіліндегі өзгеріс туралы түсінік беру.<br>Қимылды ойын:<br>«Кеглiні құлат».<br>Кеглiні құлата отырып, клюшканың көмегімен нысанаға шайбаны лақтыра білуді бекіту.<br>Белсенділікке | Мақсаты: балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету.<br>Қырау түскен ағаштарды бақылау.<br>Темір затқа үрлеп көрейік.<br>Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды.<br>Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарына, басқа заттарға қатып, қырауға айналған. Қырау күннің ашық кезінде пайда болады.<br>Көркем сөз.<br>Тазартып бар кір шаңнан,<br>Қыс өнерін бастады. | Мақсаты:<br>Ағаштар туралы білімдерін бекіту;<br>Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту.<br>Басқа ағашпен аралас,<br>Жайқалады қарағаш<br>Көк қарағай, қарағай,<br>Мейірбанды анадай,<br>Көкке бойын созады,<br>Көпке қолын созады.<br>Балаларға сұрақтар:<br>Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған<br>Ағаштар не үшін керек?<br>Ол адамға не береді? | Аула тазалаушының еңбегін бағалау<br>Мақсаты:<br>Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;<br>Сөздік қорларын байыту;<br>Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу;<br>Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді?<br>Жұмыс үшін ол қандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жылынады.<br>Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.<br>Қыс аязды болса, жаз ыстық болады. | тәрбиелеу.<br>Еңбек.<br>Демалыс орнын қардан тазарту.<br>Өзінің іс-әрекетін жолдастарының ісәрекетімен келістіру, ұжымда тапсырманы өз бетінше орындауға үйрету. Еңбекті ынтамен істеуге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар.<br>Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру | Терезеге қыраудан,<br>Сурет салып тастады.<br>Қимылды ойын.<br>«Ақ қоян».<br>Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.<br>Еңбек: бір-біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: тәжірибе жасау: мұз бу су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы).<br>Жорамал.<br>Ағашқа қырау түссе, аяз болады.<br>Тұман болса, күн жылынады.<br>Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жаумайды | Қыста ағаштар бейнесі қандай болады?<br>Зерттеу жұмысы:<br>Балалар аландағы әр ағаштың бұтақтары, діңдері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды.<br>Еңбек<br>Ағаш түптеріне қар үю.<br>Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу..<br>Қимылды ойын<br>«Аулада қандай ағаштар өседі?». | құралдарды пайдаланады?<br>♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді?<br>♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе?<br>Еңбек<br>Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.<br>Мақсаты:<br>— бірлесе жұмыс істеуге үйрету;<br>— еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын<br>«Екі аяз» Мақсаты жүгіруге жаттықтыру; Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау<br>Жаттығу ойындары<br>Шаңғымен жүру.<br>Мақсаты : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту |
| **'еруеннен оралу** | **Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **үскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **(сурет салу)**<br>Балалардың таңдауы бойынша құлын қозы лақтың суретін салдырту. | **(мүсіндеу)**<br>Біздің балбақшадағы ойын алаңы. Ұжымдық жұмыс.<br>Сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді жетілдіру. | **(жапсыру)**<br>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Спорттық ойын құралдарын қиып спортшының қасына жапсыру. | **(мүсіндеу)**<br>Біздің балбақшадағы ойын алаңы.<br>Ұжымдық жұмыс.<br>Сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді жетілдіру. | Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы мультфилімдегі ойыншықтарды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру **(мүсіндеу, жапсыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айымға музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдауды дағдыландыру. | Нұрисламға қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды | Муслимге мінез-құлық мәдениетінің және айналасындағылармен әдепті қарым-қатынас негіздерін білуді дағдыландыру. | Айданаға бала өзінің «Мен» бейнесін көрсетеді, ойын ашық айтады, өзінің пікірін білдіреді, өзімен санасқанды, | Ернұрға тәулік бөліктерін ажыратады, оларды атай білуді үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізуді жетілдіру. | | өзін құрметтегенге баулу. | |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **(музыка)**<br>Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу<br>**Еркің ойындар** | **Дербес ойындар**<br><br>Қимылды ойын «Сақина жасыру.» | **(музыка)**<br>Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату<br>**Еркін ойындар** | Еркін ойындар | **Қимылды ойын**<br>«Ханталапай»<br><br>Балалардың бастамасымен ойындар |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)**. | | | | |
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Дидактикалық ойын «Сиқырлы суреттер».<br>Мақсат-міндеттер: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. | "Сипаттамасы бойынша таны" дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер: сипаттау әңгімесін құрастыруды үйрету, зейіндерін, сөйлеу тілдерін дамыту, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды. | Дамытушылық жаттығу. "Қандай және қанша айырмашылық бар?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейінін, ойлауын дамыту; ақылдылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Жұп суреттер (бірінші | «Текшелерді түстеріне қарай жина» дидактикалық ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Текшелерді түсіне қарай жіктеуді үйрету. Ойлау, еске сақтау, сөйлеуді дамыту. | Дамытушылық жаттығу.<br>"Не өзгерді?"<br>Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейіндерін, есте сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | суретпен салыстырғанда, екінші суретте бірнеше өзгеріс бар). | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-аналарға кеңес:** Күн тәртібін сақтау | **Ата-аналарға кеңес:** "тұмау жұқпасының" адын алу шаралары | **Кеңес:** Жаңылтпаштар жаттату | Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы. | Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру |

**«Тексерілді»**
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Эбиева ________

**Білім беру ұйымы:** «Мерейлі» жекеменшік балабақша
**Топ:** «Құлыншақ» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастан
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 16.12- 20.12.2024ж

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 16.12.2024ж | Сейсенбі 17.12.2024ж | Сәрсенбі 18.12.2024ж | Бейсенбі 19.12.2024ж | Жұма 20.12.2024ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Білім мен дағдылар жайлы әңгіме:Баланың оқу процесіне қызығушылығы. Танымдық, шығармашылық қабілеттері.Тіл дамыту және логикалық ойлау деңгейі. | Ата-анаға баланың жеке қабілеттері, мінез-құлқы мен даму деңгейі туралы ақпарат беру және оны жетілдіру жолдарын талқылау. | Сұрақтар мен ұсыныстар: «Балаңыздың сурет салу немесе құрастыруға ерекше қызығушылығы бар екенін байқадық. Сіздер үйде осы қабілеттерін дамыту үшін не істейсіздер?» | «Сіздің балаңыз өте белсенді, бірақ кейде басқа балалармен ойында түсініспеушіліктер болады. Үйде ол достарымен қалай карым-қатынас жасайды?» | Талқыланатын мәселелер:Бала эмоцияларын қалай білдіреді (қуаныш, реніш, көңілсіздік)?Басқа балалармен немесе ересектермен қалай қарым-қатынас жасайды? |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталды** | «Даладағы алаңқай» Балалар конструктормен бірлесі отырып, алаңқайды құрайды **Шығармашылық дағдылары** | Балалармен әңгімелесу: «Табиғат бұрышы».Топтағы табиғат бұрышы туралы атап, әңгімелейді **Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие** | «Мозайка».өз беттерімен құрастырады **Құрастыру** | Суреттерді көру: «Табиғатағы өзгерістер». :Қыс мезгілі туралы суреттеп береді **Әлеуметтік дағдылар** | «Не артық?» Берілген тапсырманы түсіндіре отырып, артық зататтарды атайды **Коммуникативтік дағдылар** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| к, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | Желтоқсан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату<br>4. Аяқты алшақ қоямыз. Жалаушалар белде. Алдыға қарай еңкею, артқа шалқаю. /6 рет қайталау<br>Б.қ.: «Серіппе» | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие**<br>Ас – адамның арқауы. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу | Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету | Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету. | «Қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. | Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдануды. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құруды, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді үйретуді жалғастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жүру;<br>жыланша<br>жүгіру;<br>1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасыныңбиіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру;<br>бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>Қимылды ойын:<br>Қоймадағы тышқандар<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Күй құдіреті «Музыкалық аспаппен таныстыру»<br>Тәрбиеші: Келген қонақты қалай күтіп аласыңдар?<br>Балалар: Қонақтармен амандасамыз. Үйге кіргіземіз. Төрге шығару. Дастархан жайып, қонақты күту.<br>Тәрбиеші:<br>Қонақжайлылықты қалай түсінесіңдер?<br>Балалар: Қонақ келсе жылы жүзбен қарсы алу керек. Қонақ келсе берекесі мен ырысы мен | **Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту**<br>Бауырсақ илеу және бауырсақ ертгісін тыңдау.<br>**Математика негіздері**<br>Қасықтарды санау реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Тәрбиеші: Балалар біз бүгін қонақ әдебі туралы әңгімелейміз. Қазақ халқы - қонақжай халық. Қонақ келген кезде ең әуелі амандасамыз. Үйге кіргізіп төрімізді ұсынамыз. Дастархан жаямыз.<br>- Қазақ халқы қашаннан қонақжай халықпыз, дастарханнан дәм кетпеген «Қонақ келсе - құт» әкеледі деп ән тәтті тамақтарын қонақтарына қойған. Үйіне келген қонағын қадірлей білген, сый - құрмет қошемет | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірден жүру;<br>шашырап жүгіру;<br>50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу;<br>4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру,<br>Қимылды ойын:<br>Кішкене маймылдар<br>**Музыка**<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Жұппен би қимылдарын орындау дағдылары жетіледі.<br>Атрибуттармен би қимылдарын орындайды.<br>**Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.<br>**Көркем** | **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет**<br>Қонақжайлық туралы видео көрсету,сұрақтар қою.<br>**Музыка**<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Жұппен би қимылдарын орындау дағдылары жетіледі.<br>Атрибуттармен би қимылдарын орындайды.<br>**Математика негіздері**<br>**Логикалвқ есептер.**<br>Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуінініме бердім. менде неше доп қалды? (1)<br>- Қоянда неше құлақ бар?(қоянның суретін көрсету)<br>Мынау ненің суреті?<br>- Қолда қанша саусақ бар?<br>**Мүсіндеу** | **Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту**<br>Дидактикалық ойын: «Не жасырылғанын тап»<br>Шарты: Тақтада ыдыстардың түрлі суреттері ілулі тұрады. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін жұмады, тез бір сурет жоқ екенін айтады.<br>Тәрбиеші: Келген қонақтарға көрсетілетін құрметіміз мамаларымыздың толтырып жайған дастарханы екен.<br>- Балалар мамаларың үйлеріңе қонақтар келгенде дәмді тамақтар пісіреді ме?<br>- Қандай тамақтар пісіреді?<br>**Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>сапта бір-бірден жүру;<br>шашырап жүгіру;<br>50 сантиметр биіктікте |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келеді.<br>**Көркем әдебиет**<br>Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін әңгімелеп береді.<br>Тәрбиеші: Қалай ойлайсыңдар осы ертегіде түлкі мен тырна бір-біріне қандай қонақжайлылық көрсетті.?<br>Балалар: Түлкі мен тырна қонақжайлылық көрсете білген жоқ.<br>Тәрбиеші: Балалар осы ертегіні өздерің басқаша қалай аяқтар едіңдер.<br>Балалар: Дастарханды түрлі - тағамдардан толтырып қояр едім. Қуана қарсы алып, қонақжайлығымды көрсетер едім.<br>**Қоршаған ортамен танысу** Ойын. «Қонақ күтеміз»<br>Тәрбиеші: балаларды екі топқа бөліп, Бірінші топ - «Қонақтар». Екінші топ - «Үй иелері. Қонақты қалай күту керек екенін көрсетеміз.<br>- қонақпен амандасамыз. | көрсетіп кішілік танытқан.<br>**Сурет салу**<br><br>Шәйнекті бояу<br>**Жапсыру**<br>Дастаханды әшекейлеу,ұлттық оюлармен.<br>**Мүсіндеу**<br>Ермексаздан ұлттық ыдыс тостаған жасау.<br>**Құрастыру**<br>Пазл құрату. | **әдебиет,сөйлеуді дамыту**<br>Бауырсақ илеу және бауырсақ ертгісін тыңдау.<br>**Математика негіздері**<br>Қонақтарға арналған бауырсақ реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту;<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында | Ермексаздан ұлттық ыдыс тостаған жасау.<br>**Құрастыру**<br>Пазл құрату.<br>**Жапсыру**<br>Кесенің суретін желімдеу<br>**Сурет салу**<br>Қоақтарған арналған дастахан<br>Дастарханның суретін салу пішіндерден. | ілінген арқанның астынан еңбектеу;<br>**Көркем әдебиет**<br>*қонақты қарсы алу.*<br>Қонақ арнайы шақырумен де, шақырусызда келеді. Шақырусыз келген бейтаныс қонақ үйге: «Біз құдайы қонақпыз», - деп ескерте кіреді. Егер кімде-кім қонақты қуана қарсы алып, ерекше құрметтесе, оған риза болған қонақ шын ықыласпен бата берсе, сол отбасы байлыққа, бақытқа кенеледі. Шақырумен келген қонақты үйге жақындағанда алдынан шығып қарсы алу – міндет.<br>**Математика негіздері**<br>1-ден 5-ке дейін тура және кері санау<br>Екі тілде санау.<br>**Мүсіндеу** Ермексаздан қонақтарға арналлған үстел жасау,<br>**Жапсыру**<br>Бауырсақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - үйге кіргізу.<br><br>- төрге шығару<br>- дастархан жайып, қонақ күту,<br>**Математика негіздері**<br>**5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау,5 қонаққа 5 кесе,**<br>**Жапсыру**<br>**Дастаханды әшекейлеу,ұлттық оюлармен.**<br>**Құрастыру**<br>**Қағаздан үстел жасау.**<br>**Мүсіндеу**<br>**Қонақтарға арналған ыдыстар**<br>**Сурет салу**<br>**Дөңгелек пішіннен бауырсақ салу.**<br>**Балалардың қалауы бойынша шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған жұмыстар** | | **болып жатқан**<br><br>**жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.**<br>**Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу**<br>**Жапсыру**<br>**Дастаханды әшекейлеу,ұлттық оюлармен.**<br>**Құрастыру**<br>**Қағаздан үстел жасау.**<br>**Мүсіндеу**<br>**Қонақтарға арналған ыдыстар**<br>**Сурет салу**<br>**Дөңгелек пішіннен бауырсақ салу.**<br>**Балалардың қалауы бойынша шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған жұмыстар** | | **тәрелкеге орналастыру.**<br>**Сурет салу**<br>**Қасықтың суретін бояу.**<br>**Мүсіндеу**<br>**Ермексаздан ұлттық ыдыс тостаған жасау.**<br>**Құрастыру**<br>**Пазл құрату.** |
| **Серуенге дайындық** | **Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | Бақылау: Балалардың көңілін жоғарыдан жылтырап тұрған мұздақтарға аудару. Олар салқында ерімей күннің көзі жылығанда ғана еритінін түсіндіру.<br>Үлескедегі еңбек: Үлеске ішіндегі қарды тазалау. Еңбексүйгіштікке баулу.<br>Қимылды ойын: «Қарғалар»<br>Мақсаты: ептілікке, шапшаңдыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: Орта топтың балаларымен құстар болып ұшып үйрену.<br>Өзіндік іс – әрекет: қардың қай жерлерде көп жатқанын байқау. | Бақылау: Терезеге салған аяз өрнегін бақылау.<br>**Еңбек: Топта табиғат бұрышында балықтарды жемдеу.**<br>**Жеке жұмыс: Қыс айларын жаттату (желтоқсан, қаңтар, ақпан)**<br>**Қимылды ойын: «Ұшты – ұшты»**<br>**Өзіндік іс – әрекет: балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету.** | Бақылау: Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Оларды атау.<br>Еңбек: Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю.<br>Жеке жұмыс: Ерқанатқа, Жангелдіге, Ерназарға еңбек түрлерін айтқызу (қар күреу, жем шашу, суару)<br>Қимылды ойын: «Доп лақтыру»<br>Өзіндік іс – әрекет: Артық, кем, қанша, болса сонша ұғымдарын қалыптастыру | Бақылау: Күннің катты аяз соғып, суытуын бақылау.<br>Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау.<br>Жеке жұмыс: Мақал – мәтелдер үйрету: Қыс – қызыл, жаз – жасыл.<br>Бір тал кессең, Он тал ек.<br>Қимылды ойындар: Шанамен ойындар ойнау. Шаңғы тебуге үйрету. | **Мақсаты:қардағы құс іздерін тани білуге үйрету .**<br>**Бақылау барысы**<br>**Балаларға сұрақтар**<br>**Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)**<br>**Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..**<br>**Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі..**<br>**♦ Құстардың ізі арқылы нені білуге болады?**<br>**Аландағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.** |
| **Серуеннен оралу** | **Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Ғажайып сөздер. Тәрбиеші: Балалар сабақта үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады. «Қонақ келсе, құт келер»**Қазақ тілі** | **Қысқа метражды мультхикая ыдыстар таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау; ертегі желісін ретімен орындауға үйрету.Көркем әдебиет** | .Кесемен жұмыс Кесені әшекейлеу, пазл жасау,ермексаздан мүсіндеу,кесеге ою өрнек салу. **Шығармашылық дағдылар** | **«Суреттер құрастыру». Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту.** | **Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта». Ойынның мақсат-міндеттері: ұзын - қысқа, жуан - жіңішке, үлкен - кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.** |
| **Балалармен жеке жұмыс** - | **Батырға жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді салыстырады, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды білуді үйрету .** | **Айымға қайшыны дұрыс ұстауды және оны қолдануды дағдыландыру.** | **Айсұлуға құрылыс бөлшектерін ажыратады және атайды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалананууды жетілдіру .** | **Ернұрға көшеде, аулада, аланда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету.** | **Хадишаға көшеде, аулада, аланда, мектепке дейінгі ұйым аумағында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету.** |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Еркін ойындар<br><br>Балалардың сұранысы | Еркін ойындар<br>**Қимылды ойын**<br>«Кішкентай маймылдар | ркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын** | Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып | Балабақша ауласында ұшып жүрген құстардың суретін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша «Жеті лақ» ертегісін оқып беру.<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» | | «Шымшықтар мен мысық» | беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату **(көркем әдебиет)**<br>Еркін ойындар | карда салдырту. **(сурет салу)**<br>Еркін ойындар<br><br>**Қимылды ойын**<br>«Мысық пен тышқан» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | «Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны.<br>Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. сөйлеуді дамыту. | Өздері білетін ертегілері бойынша суреттерді қарау.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу.<br>Суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. | Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. | "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны.<br>балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру;<br>қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; | «Тақия тастамақ» қимылды ойын.<br>Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның шарты: бір оқушы тақияны шеңбер бойымен жүріп, кез келген баланың басына кигізеді. Басында тақиясы бар бала түбір және туынды сөзді айтады. Ойын осылай жаласа береді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға кеңес:Үйде ойын бұрышын | Кешкі ертегі, балалар қалауымен | Ата-аналармен балаларының тазалығы | Психологтың кеңесі:Егер ата | Балалардың балабақшаға кешікпей |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұйымдастыру. | Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу | туралы әңгімелесу | аналары дүкенне ойыншық әпермеген жағдайда,өзін қалай ұстау қажет. | келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау |

**«Тексерілді»**
«Мерейлі» жекеменшік балабақша
әдіскері: З. И. Эбиева

**Білім беру ұйымы:** «Мерейлі» жекеменшік балабақша
**Топ:** «Құлыншақ» ересек тобы
**Балалардың жасы:** 4 жастан
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 23.12- 27.12.2024ж

| Күн тәртібі | **Дүйсенбі 23.12.2024ж** | **Сейсенбі 24.12.2024ж** | **Сәрсенбі 25.01.2024ж** | **Бейсенбі 26.12.2024ж** | **Жұма 27.01.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу.Күй қосу,**күй күмбірі** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | Қазақ биі<br>Дене қимылдарын үйлестіру қабілеттерін дамыту және ұлттық өнерге қызығушылық ояту.<br>Ойын барысы<br>- Балалар қазақ биінің қарапайым қимылдарын қайталап орындайды.**Бір тұтас тәрбие** | Айтыс ойыны<br>Сөздік қорды байыту және өлең шығару қабілеттерін дамыту.<br>Ойын барысы:<br>- Балалар кезек-кезек тақпақ немесе өлең айтып жарысады. **Бір тұтас тәрбие** | «Есті балаға-ескі сөз» Тыйымдар мен ырымдар.<br>Жақты таянба.<br>Отқа түкірме<br>**Қазақ тілі** | Мақал-мәтелдер айту.<br>«Кіші үлкенмен керіспес». «Ана баулыған бала епті, Әке баулыған бала есті **Қазақ тілі** | Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі.<br>Мақсаты: табиғат бұры шында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту.<br>**Қоршаған ортамен танысу** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Көбелек ұшты» (Б.қ.): Аяқтар алшақ қойылған, орамал белде.Қимыл: Бас оңнан солға, солдан оңға айналдырылады.Қайталау: 6 рет.Әуен: Жай ырғақты музыка. | «Көңілді орамал» жаттығуы:Б.қ.: Аяқ иық көлемінде, орамал иықта. Қимыл: Иықтарды артқа-алға және төмен-жоғары қозғалту. Қайталау: 6 рет.Әуен: Жеңіл, көңілді әуен. | «Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуы: Б.қ.: Аяқтар алшақ, орамал белде.Қимыл: Орамалды оңға-солға еңкейте отырып, әр қимыл сайын «ғажайып» деп айту. Қайталау: 6 рет. | «Шапалақ» жаттығуы: Б.қ.: Аяқ алшақ, орамалды жанға созу.Қимыл: Орамалды жоғары көтеріп, алақандарды шапалақтау. Қайталау: 6 рет. Әуен: Шапалақ қимылына сәйкес белсенді әуен. | «Орамалды ілу» жаттығуы:Б.қ.: Аяқ алшақ, тізе бүгілген. Қимыл: Орамалды төмен ұстап, жоғары көтеріп, «орамалды ілу» қимылын жасау. Әр қимыл сайын «ілдім» деп айту. Қайталау: 6 рет. |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Берекелі дастархан – бақыттың бастауы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту | Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. | Сөздік қор. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануын пысықтау. | Байланыстырып сөйлеу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға. | Тілдің грамматикалық құрылымы Сан есімдерді ретімен атауға, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. (таңғы жаттығулар қайталанады) Негізгі қимылдар: өкшемен жүру аяқтың ұшымен жүргіру бір-бірден сапқа тұру | **Математика негіздері және сөйлеуді дамыту** Екінші топ балаларына құрастыру ойыншықтарын жұптастырып қою арқылы оларды санату, салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: жүру, өкшемен жүру; аяқтың ұшымен жүргіру; **Музыка** Музыка тыңдау: | **Сөйлеуді дамыту** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету. Ғажайып қоржынды көрсетіп ішінен бір бір затты алу. Оның қандай екенін | **Сөйлеуді дамыту** Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. **Дене тәрбиесі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылды ойын:<br>Күн шуақ және жаңбыр<br>**Көркем әдебиет**<br>Балаларға « кітап» орталығында «Жыл мезгілдері» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын атауды, санауды үйрету.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Қазақстанның көрікті жерлерінде түсірлеген фото суреттерді көрсетіп, Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Суреттегі бейнеленген жерлер туралы айту. Өздерінің тұрып жатқан жерлерінің тағы қандай мезгілде әдемі болатынын сұрау.<br>**Математика негіздері**<br>Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге | анықтату. Сосың екі топтың балалары өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама карсы топтағы балаларға айтып беруін ұйымдастыру.<br>**Көркем әдебиет**<br>Ертегі кейіпкерлерінің кимдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу және сурет салу**<br>Өздері отырғызған дәндерге су құю, оларды бақылатып дәл қазіргі сәттегі бейнесін салу.<br>**Мүсіндеу және жапсыру**<br>Балаларды екі орталыққа қалауы | Қазақтың ұлттық аспабы -домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдауға ынталары артады, домбыраның даусын таниды;<br>**Қазақ тілі**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тіл алмаудың кесірі әңгімесін естеріне түсріу. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмыптау керектігін түсіндіру<br>**Математика негіздері**<br>Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге аудырту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша | сипаттау<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау:<br>Қазақтың ұлттық аспабы -домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдауға ынталары артады, домбыраның даусын таниды;<br>**Математика негіздері**<br>Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар).<br>Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау<br>**Көркем әдебиет**<br>Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету<br>Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, | Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>жүру;<br>аяқтың ұшымен жүргіру;<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу;<br>бір-бірден сапқа тұру<br>**Көркем әдебиет**<br>Ертегі кейіпкерлерінің кимдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>**Математика негіздері**<br>Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерін санау.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Сандар патшалығына қонаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аудырту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау.<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Сурет салу, мүсіндеу**<br>Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар | бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдерді ермексаздан жасап, қиылған гүлдерді жапсыру<br>**Құрастыру**<br>Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым гүлдерді құрастыруды дамыту.<br>**Сурет салу**<br>Балалардың қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. | атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан уарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру.<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын | өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыкқа баулу.<br>**Жапсыру**<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту.<br>**Сурет салу, мүсіндеу**<br>Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау.<br>**Құрастыру**<br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру | бару. Карточкалармен жұмыс. Дидактикалық ойын «Көршісін тап»<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан уарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру.<br>**Суретін салу, жапсыру**.<br>Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу, қағазға жапсыру.<br>**Құрастыру**<br>Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау.<br>**Құрастыру**<br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру<br>**Жапсыру**<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. | | кеңейту.<br>**Суретін салу, жапсыру.**<br>Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу, қағазға жапсыру.<br>**Құрастыру**<br>Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру | | |
| **Серуенге дайындық** | **Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау<br>*Мақсаты:*<br>Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. | Қарды бақылау<br>*Мақсаты:* Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев*<br>*Қысым-ақ, қысым-ақ,*<br>*Жібердің қысып-ақ.*<br>*Қалмаспыз біз деген,*<br>*Боранға ұшырап.*<br>*Аппақ қар жауа бер,* | Желді бақылау<br>*Мақсаты:*<br>өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>*Бақылау барысы*<br>Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды, | Бұлттарды бақылау<br>*Мақсаты:*<br>Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Етек жеңі жиналмай, | Ауладағы ағаштарды бақылау<br>*Мақсаты :*<br>— ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>*Бақылау барысы*<br>*Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы*<br>*Қар жамылды бақтарым* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға<br>жұмбақ жасырады<br>Бұл неткен күшті<br>тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды?<br>(қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын<br>машинаның алдына<br>үлкен қырғыш<br>бекітілген. Алдыңғы<br>және артқы<br>дөңгелектерінің<br>ортасында түкті<br>дөңгелек щетка<br>айналып тұрады.<br>Олар неден жасалған?<br>(темір сымдардан)<br>Олардың қылшықтары<br>қандай? (қатты,<br>тікенекті)<br>Ал, мына екінші<br>машинаға назар<br>аударыңдар, оның несі<br>бар? (үлкен екі<br>бұрандасы бар)<br>Бұл бұрандалар не<br>істейді? (еттартқыш<br>сияқты қарды іліп<br>алады да, қарды алысқа<br>лақтыратын желдеткіш | *Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ үлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай<br>болжам бар: қарға<br>қарқылдаса, қар<br>жауады. Қыс мезгілі<br>басталған уақыттан<br>бастап, қалың қар<br>түседі. Кейде жел<br>соғып боран болады.<br>Күндер жылжыған<br>сайын қардың қабаты<br>қалыңдай түседі. Кей<br>уақытта оңтүстіктен<br>жылы жел соғады.<br>Бұндай жылы желден<br>қар сәл босап ериді де,<br>жылылықтан кейінгі<br>аяздың әсерінен қар<br>мұзқатқақа айналады.<br>Бұл кезде жан-<br>жануарларға қатты<br>қар үстімен жүру, өз<br>қоректерін табу<br>қиынға соғады. Бұлан,<br>бұғы, тауешкілері<br>өздерінің өткір* | Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Үйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады,<br>Алдыға бастырмай.<br>Баларға сұрақтар<br>Бүгін ауа райы қандай?<br>*(суық, желді, аязды)*<br>Қыс мезгілінде желді<br>қалай атайды?<br>*(боран,үскірік)*<br>Бүгін жел қай жақтан<br>соғып тұр? Оны қалай<br>анықтауғаболады?(комп<br>аспен, зырылдауықпен)<br>Жел қалай пайда<br>болады?<br>*Тәрбиеші түсіндіреді:<br>Күн ауаны бірдей<br>жылытпайды, бір<br>жерде-жылы, бір<br>жерде-суық. Жылы ауа<br>жоғары көтеріледі,<br>суық ауа төмен түседі.<br>Ауаның осындай<br>қозғалысынан жел<br>пайда болады.*<br>Еңбек<br>Жолдарды,<br>орындықтарды, ұсақ<br>архитектуралық<br>мүсіндерді қардан | Дауыл тұрса дым<br>қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>Көшіп жүріп<br>желменен,<br>Сеуіп шықты<br>тамшысын,<br>Қыраттарға<br>шөлдеген.<br>Күн сайын күн<br>өзендер мен<br>көлдерді, теңіздер<br>мен мұхиттарды<br>қыздырады. Судың<br>ұсақ түйіршіктері<br>аспанға көтеріліп<br>бірігеді де, аспанда<br>бұлт пайда болады.<br>Бұлттағы су<br>түйіршіктері ауыр<br>тартқан кезде, олар<br>жерге жаңбыр болып<br>төгіледі. Бұлттар –<br>шарбы бұлттар және<br>түйдек бұлттар деп<br>аталады. Шарбы<br>бұлттар ашық<br>күндері пайда<br>болады, ал, түйдек<br>бұлттар жауын<br>немесе қар жауарда | *Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ қарын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым.<br>Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.*<br>Тәрбиеші балаларға<br>сұрақтар қояды:.<br>Ағаштардың жазғы<br>бейнесі қандай еді??<br>Күзде қандай болды?<br>Қазіргі бейнесі қандай?<br>Кімнің есінде, ағаштар<br>жапырағын неге<br>түсіреді?<br>Айналадағы ағаштар<br>бейнесі қандай?<br><br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашы мен қайың<br>ағашының қысқы<br>тұрқын салыстыру<br>Еңбек<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула<br>қараушыға көмектесу.<br>Қимылды ойын: «Кім<br>аққалаға бұрын<br>жетеді?»<br>*Мақсаты: доға<br>астынан еңбектеп өту* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>Еңбек Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар»<br>*Мақсаты:*<br>Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.<br>Жаттығу ойындары «Көпірден өт». | *тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.*<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ қыс айларын атаңдар?<br>♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦ қарқатқақ қалай пайда болады?<br>Зерттеу жұмысы<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу.<br>Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге?<br>Еңбек<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>Қимылды ойын «Екі аяз».<br>*Мақсаты: кеңістікті* | тазалау.<br>*Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан».<br>*Мақсаты:*<br>Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;<br>Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру<br>Жаттығу ойындары<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу<br>*Халық болжамы:*<br>*Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады* | пайда болады.<br>Балаларға сұрақтар.<br>Бұлттар қандай болады?<br>Олар қайдан пайда болады?<br>Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>Зерттеу жұмысы<br>Аспаннан атқа немесе түйеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>Еңбек<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>Қимылды ойын: «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.*<br>Жаттығу ойындары<br>Қимылдарын дамыту. | *дағдыларын жетілдіру.*<br>Жаттығу ойындары<br>Секіру<br>*Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br><br>*Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.*<br>*Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br><br>*Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады* | *бағдарлай білуге жаттықтыру.*<br>Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».<br><br>*Мақсаты: белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.*<br>*Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.* | | *Мақсаты:*<br>Сырғанауға үйрету; Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br><br>*Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз ерір.* | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық,** | Балаларды орталықтарға бөлу. Оқылған ертегі желісі | Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу, би билету. | Тақтада ілініп тұрған заттарды балаларды екі топқа бөліп, ұжымдық | Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, | Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. **(мүсіндеу)** | **(музыка)** | жұмыс ұйымдастыру. Балалар өздері сұраққа жауап беріп алған заттарын жапсырып, көктемнің бейнесін жапсырады. **(жапсыру)** | ермексаздан мүсінін жасату **(мүсіндеу)** | Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу **(сурет салу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Алинұрға отбасындағы үлкендерді сыйлайды, құрметтейді, кішілерге қамқорлық танытуды үйрету. (ә-5) | Ясинпаға қысқа және ұзын жолақтарды қиюды жетілдіру. | Айданаға қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруды үйрету. (ш-4) | Хадишаға қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға ынталандыру. | Айсұлуға тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Трамвай» «Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке балалармен жұмыс. | Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» «Көктем» тақпағын қайталау | Қимылды ойын «Трамвай» Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка) | Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка) Еркін ойындар | Қимылды ойын «Хан талапай» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Көктем мезгілі туралы тақпақтар жаттау.** | **Аналар мерекесіне тақпақтар жаттау.** | **Әже туралы тақпақтар жаттау.** | **Балалармен 8 Наурыз мерекелеріне арналған билерін қайталатып дайындау..** | **Балалармен 8 Наурыз мерекелеріне арналған әндерді қайталап жаттау.** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.** | **Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін кадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.** | **Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.** | **Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.** | **Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.** |

**«Тексерілді»**
**«Мерейлі» жекеменшік балабақша**
**әдіскері: З. И. Эбиева**

**Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша**
**Топ: «Құлыншақ» ересек тобы**
**Балалардың жасы: 4 жастан**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 30.12- 03.01.2024ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 30.12.2024ж | Сейсенбі 31.12.2024ж | Сәрсенбі 01.01.2025ж | Бейсенбі 02.01.2025ж | Жұма 03.01.2025ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Күй қосу,**күй күмбірі** | Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Күй қосу,**күй күмбірі** | | | Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Күй қосу,**күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | | | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Есті балаға-ескі сөз» Тыйымдар мен ырымдар. Жақты таянба. Отқа түкірме **Қазақ тілі** | Мақал-мәтелдер айту. «Кіші үлкенмен керіспес». «Ана баулыған бала епті, Әке баулыған бала есті **Қазақ тілі** | | | Табиғат бұрышындағы еңбек. Тәрбиешіге гүлдерді суаруға көмектеседі. Мақсаты: табиғат бұры шында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. **Қоршаған ортамен танысу** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Ғажайып кемпірқосақ» жаттығуы: Б.қ.: Аяқтар | «Шапалақ» жаттығуы: Б.қ.: Аяқ алшақ, | | | «Орамалды ілу» жаттығуы:Б.қ.: Аяқ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алшақ, орамал белде.Қимыл: Орамалды оңға-солға еңкейте отырып, әр қимыл сайын «ғажайып» деп айту. Қайталау: 6 рет. | орамалды жанға созу.Қимыл: Орамалды жоғары көтеріп, алақандарды шапалақтау. Қайталау: 6 рет. Әуен: Шапалақ қимылына сәйкес белсенді әуен. | | | алшақ, тізе бүгілген. Қимыл: Орамалды төмен ұстап, жоғары көтеріп, «орамалды ілу» қимылын жасау. Әр қимыл сайын «ілдім» деп айту. Қайталау: 6 рет. |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Берекелі дастархан – бақыттың бастауы. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ)** | Сөздік қор.<br>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдануын пысықтау. | Байланыстырып сөйлеу.<br>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға. | | | Тілдің грамматикалық құрылымы<br>Сан есімдерді ретімен атауға, жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: жүру, өкшемен жүру; аяқтың ұшымен жүргіру;<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы -домбырамен орындалған әндер мен | **Сөйлеуді дамыту**<br>Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету. Ғажайып қоржынды көрсетіп ішінен бір бір затты алу. Оның қандай екенін сипаттау<br>**Музыка**<br>Музыка тыңдау: Қазақтың ұлттық аспабы -домбырамен | | | **Сөйлеуді дамыту**<br>Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау.<br>**Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | күйлерді тыңдауға ынталары артады, домбыраның даусын таниды;<br>**Қазақ тілі**<br>Бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Тіл алмаудың кесірі әңгімесін естеріне түсріу. Көктем мезгілі келе жатқанымен әлі де далада суық екенін ұмыптау керектігін түсіндіру<br>**Математика негіздері**<br>Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге аудырту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды | орындалған әндер мен күйлерді тыңдауға ынталары артады, домбыраның даусын таниды;<br>**Математика негіздері**<br>Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау<br>**Көркем әдебиет**<br>Көктем мен қыс мезгілдері бейнеленген суреттерді қарату салыстыруды үйрету Балаларды түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.<br>**Жапсыру**<br>Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту.<br>**Сурет салу, мүсіндеу**<br>Балаларды | | | жүру;<br>аяқтың ұшымен жүргіру;<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу;<br>бір-бірден сапқа тұру<br>**Көркем әдебиет**<br>Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.<br>**Математика негіздері**<br>Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерін санау.<br>5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Сандар патшалығына қонаққа бару. Карточкалармен жұмыс. Дидактикалық ойын «Көршісін тап» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан уарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру.<br>Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.<br>**Суретін салу, жапсыру.** | орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау.<br>**Құрастыру**<br>Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру | | | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Жылдың қай мезгілі, қай айы келе жатқанын сұрау? Келесі жыл мезгілі туралы не білетіндерін айтқызу. Суреттер арқылы көктем мезгіліне кім қалай дайындалады сұрау? Үй жан уарларына қандай күтім керекті туралы ақпарат беру.<br>**Суретін салу, жапсыру.**<br>Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу, қағазға жапсыру.<br>**Құрастыру**<br>Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың суретін салу, қағазға жапсыру.<br>**Құрастыру**<br>Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Кием шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | *«Қар төбешігіне шық»*<br>**Міндеті:** Күш пен тепе-теңдікті дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қардан жасалған немесе жасанды төбешікке кезекпен шығып, қайта түседі. Құламай, тепе-теңдік сақтауы керек. | *«Қояндар қардан секіреді»*<br>**Міндеті:** Секіру және бағдарлау дағдыларын жетілдіру.<br>**Шарты:** Еденге немесе қарға шеңберлер салынады. Балалар қоянша бір шеңберден екіншісіне секіреді. | | | *«Қар лақтыр»*<br>**Міндеті:** Дәлдік пен қол бұлшықеттерін дамыту.<br>**Шарты:** Балалар қағаз қарларды нысанаға (шеңберге немесе шелектің ішіне) дәл тигізіп лақтырады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Тақтада ілініп тұрған заттарды балаларды екі топқа бөліп, ұжымдық жұмыс ұйымдастыру. Балалар өздері сұраққа жауап беріп алған заттарын жапсырып, көктемнің бейнесін жапсырады. **(жапсыру)** | Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, ермексаздан мүсінін жасату **(мүсіндеу)** | | | Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу **(сурет салу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Айданаға қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастыруды үйрету. (ш-4) | Хадишаға қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға ынталандыру. | | | Айсұлуға тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуды үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Қимылды ойын «Трамвай»<br>Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте | Ырғақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту (музыка) | | | Қимылды ойын «Хан талапай» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка) | Еркін ойындар | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлендер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. | Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу. | | | Үстел үсті ойыны. "Логикалық ойын". Мақсат-міндеттері. Ойлау қабілетін, зейінін, ынтасын дамыту. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. | Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту. | | | Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету. |